



Майлытон руынан шыққан Пішенбайдан Қосым, Есімбай деген екі ұл, Ұлай, Қызай деген екі қыз тарайды. Ұлайдан Баянауыл өңіріне жақсы танымал киіз үй жасаушы Қарабек туады. Ол кісі жүзге келіп қайтыс болған. Қызайдан тараған Сағынай Семей облысына тұрмысқа шығады. Одан Ләйла деген қыз қалған. Қосымнан Әбіш, Мұқыш деген екі ұл туады да, одан кейін ұрпағы өспей қалады. Алайда Қосымның Рымтай, Дәмет есімді жиен немерелері бүгінде тірі. Есімбайдан Айтжан, Бишан, Ақыш, Бибіқатша есімді үш қыз, бір ұл тарайды. Ақыштан жалғыз Амантай қалады. Амантай Ақышұлы Есімбаев осылай Қосым Пішенбаевтың немересі болып келеді.

Амантай аға кластасы Зигаұл апаймен үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Олар балаларынан бес немере сүйіп отырған бақытты отбасы. Жақында ол редакциямызда болып, Қосым жайлы ауыл ақсақалдарынан естіп білгендерін айтқан еді. Осы тарихи деректерді оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.



Қосым үңгірі

Қосым суда шебер жүзген. Оқушылардың демалыс лагерлеріне қарай баратын жол бойында Қосым үңгірі немесе Қосым тасы деген жер бар. Таңертең аң аулап келе жатқан Қосымға Сабындыкөл мен Алакөлдiң ортасындағы жалғыз аяқ жолда ауылдасы қарсы кездеседі. Түні бойы жауған жаңбырдан мылтығы атылмай, өзі аң аулаудан көңілсіз келе жатса керек. Қосым әлгіге “саған осы ауылдың маңына жолама деп едім. Бір ауыз сөзге тоқтамадың ғой, осы тұрған жерінде атып жіберейін бе?” деп білге мылтығын кезгенде, мылтығы тарс етіп, ауылдасы мерт болады. Содан Қосым ел ішінде бой тасалап тығылып жүреді. Николай патшаның Баянауылда Якоб деген атаманы болған екен. Атаманның солдаттары оны көріп қалып, қуалайды. Қаруланған солдаттардан қашып құтылмайтынын білген Қосым Сабындыкөлге секіреді. Судың бетінде күпісі қалқып жүреді де, өзі көрінбейді. Солдаттар біраз уақыт қарап тұрып, оны суға батты деп тарайды. Сөйтсе, ол суға сүнгенде, қалың қамысқа тап болады. Топ қамыстың түбінен мықтап ұстап, қамысты үзіп, аузына қыстырып, сол қамыспен дем алып тұрған екен. Ол суды жағалап жүргенде, үңгір тауып алады. Жаз бойы сол үңгірді паналайды. Күн қарайғанда үйіне келіп қонып, таң атқанда үңгірге қайта оралады екен. Үңгірде жаз бойына екі етік тігеді. Күн суытып, көлдің беті қатайған кезде екі

әрі-бері айналдырып қарап отырса керек. Сонда бай “Әй, Қосым қолыңдағы тасты орнына қой, бір қой беремін” деген екен.

Қосымның мергендігі

Күні бойы жауған нөсер жаңбырдан үсті - басы малмандай су болған Қосым күн қарайған шақта зиратқа кез келеді. Жан жағына қараса, жас қабірдің шеті ашылып жатыр екен. Соның ішіне кіріп кетеді. Қабірді паналап жан сауғаламаса тағы болмайды, жаңбыр үдетіп, найзағай жарқылдайды. Өлікпен бірге түнеуге де жүректілік керек. Оның бойын қорқыныш билеп, мылтығын оқтап атуға дайын отырады. Бір уақытта найзағай жарқ еткенде, бірден елестегендей болады. Мылтығының шүріппесін басып қалады. Таң атқанда, қабірден шыққан Қосым өліп жатқан қасқырды көреді. Жас қабірді ашып тастаған қасқыр адам иісін сезіп, оған жақындай алмай жүрген екен.


Қосымның көмірді табуы

Қосым әрдайым табиғатпен бірге болып, оның қыр - сырғына қанық болып өседі. Ол жүрісі жайлы, шөлге шыдамды, күтімді аса қажет етпейді деп түйе мінген адам екен. Аңшы да болған. Елелді аралап, қазақтың сары даласын кезіп, көп жүргендіктен “кезбе” атаған. Бірде ол Керекуден келе жатқанында Тұздықөлге соғып, тұз алып кетпекші болады. Екі бас тұзды түйенің екі жағына өңгеріп алып келе жатса, жолда суыр ін қазып жатыр екен. Суыр інінен қара қиыршық тастарды сыртқа шығарып жатады. Қосым қоржынынан әйнекті алып, тасқа түсірсе, тас түгіндеп жанады. “Мынау тегін тас болмады, бұл жерді белгілеп кетейін” деп жан - жағына қараса

соңына жалғыз өзі түседі. Екі айдай жоқ болып, сапардан Қосым қатты ауырып келеді. Ол “шіркін, біреуің ермедіндер, жалғыз болдым. Оларды ойламаған жерде қапыда қалдырып, шананы алып қалу керек еді. Онда бүкіл ауылға азық болатындай алтын кетті” деп өкінген екен. Сөйтсе, ат жегілген шананың темір табанындағы шенді аударып, оның ойық жерлеріне алтын құйғанын біледі екен. Сол сапардан кейін Қосым көп өмір сүрмейді.

Аштықтағы амалы

Ел аралап жүретін Қосым бір жылы бір дорба “сарыкөбеңке” бидайын алып келеді. Екі ағаштан соқа жасап, бозбалаларға жерді жыртқызып, бидайды егеді. Егіннің басына күрке тігіп, өзі қарауыл болады. Күзде егіннен мол астық алады. 1932 жылы ашаршылықта осы бидайдың арқасында ел аман қалады. Үйдің ішіндегі қабырғаға ірге қалап, бидайды құйып, оны бітеп тастайды. Одан күнде бір тегене бидай алып, қуырып



Амантай Ақышұлы ата-анасымен

қаз бойына екі етік тігеді. Күн суытып, көлдің беті қатайған кезде екі етігін иығына салып, түнде атаманның үйіне барады. Күзетті қағып тастап, тіріліп келген Қосымды көрген атаман шошып кетеді.

Амантай айтқан

жейді. Нан болмаса сүт пенен ет асқазанда тұрмайды екен.

тамызында ескерткіш ашылғанда, ескерткіштің жамылғысын Қосымның немересі Амантай Ақышұлы Есімбаев ашады.

Сол жылы Амантай да ата-сының зиратын көтеріп, ас береді. “БАК” ЖШС-нің РГТО-сы оның айналасын қоршап берді. Баян-ауылдан тас алдыртып, ауылдағы Айтбай мұғалімге мәтінін жаздыртып алады. Жазушы Қ.Исабаевтың “тастағы жазу қате жазылған” деп ескерткені әлі есінде. Зираттың басына кесене орнатуға шешім қабылданғанда, мамандар қабірді басқа жерге көшіру керек дегенді айтады. Бірақ анасы “қазақ ескі зиратты жаңғыртпайды. Басына тас орнатып, ұрпақ парызын атқарды” деп ұлын да, басшыларды да тыйып тастайды.

Хикаяеттар



ештеңе көрінбейді. Сөйтіп, түйесіне өңгеріп алған екі тұзды белгі ретінде қойып кетеді.

Кереку өңірінде ерте заманда ағылшындардың кен орындары болған. Тапқан байлықтарын Ертіс өзені арқылы шығару үшін оларға көмір керек болады. 1867 жылы Қосым Салғара Баймақанов, Жәктем Мәмбетов, Қойшығара Наурыззов, Ноғайбай Оразов есімді ауылдастарын ертіп, суырдың ініне, яғни қазіргі Екібастұз қаласының орнына алып келеді. Міне, Екібастұзда кен өндіру орны осылай пайда болған.

Ашаршылық кезінде бес - алты отбасы бірігіп тіршілік етеді, өйткені қарақшылар, қаңғыбастар көбейеді. Бір жылы Қосым көктемде бозбалаларды жинап, тағы еңбекке салады. Бұл жолы картоп егеді. Қосым егіннің басында күзетші болады. Жерді жыртқызып, егіннің басына жолатпағанға реңжіген бозбалалар егінге ұрлыққа түседі. Сабағын жұлып жесе, ащы болады. Сөйтсе, картоптың жемісі сабағында емес, тұқымында екенін олар жинағанда біледі. Темекі еккен кездері де болыпты. Жазда еккен егіннен күзге салым пілдің құлағындай үлкен жапырақтарды жинайды. Оларды тоғайдың көлеңкесіне кептіріп, тізбектеп іледі. Кейін оны ұсақтап - шауып, пайдасына жаратады.

Қосымның зираты

Мал дәрігері болып жүрген Амантай бірде Әбдірахманның үйіне түседі. Сонда 83 жасқа келген Әбдірахман “сенің атаң Қосымды Айнабек, Рахметолла үшеуіміз жерлеген едік. Әкең Ақыш көзі тірісінде атаңның зиратын іздемеді. О дүниеде мойныма қарып болмасын, Қосымның жатқан жерін көрсетіп кетейін” дейді. Сөйтіп жақыны Мүрит Бәйділдинді ертіп, Сарыөлең бөлімшесінен үш шақырым жердегі зиратқа барады.

“Қосым 1932 жылы қайтыс болды. Жиырмадағы бозбала кезім. Сықырлаған аяз бетті қаратпайды. Аш - жалаашпыз. Қатқан жерді күрепкен де, темірмен де қаза алмадық. Болмағасын бір зираттың қабырғасын бұзып, қабырға тұрған тоң жердің өзін бір күн бойы қаздық. Сосын Қосымды ак

тамызында ескерткіш ашылғанда, ескерткіштің жамылғысын Қосымның немересі Амантай Ақышұлы Есімбаев ашады. Сол жылы Амантай да ата-сының зиратын көтеріп, ас береді. “БАК” ЖШС-нің РГТО-сы оның айналасын қоршап берді. Баян-ауылдан тас алдыртып, ауылдағы Айтбай мұғалімге мәтінін жаздыртып алады. Жазушы Қ.Исабаевтың “тастағы жазу қате жазылған” деп ескерткені әлі есінде. Зираттың басына кесене орнатуға шешім қабылданғанда, мамандар қабірді басқа жерге көшіру керек дегенді айтады. Бірақ анасы “қазақ ескі зиратты жаңғыртпайды. Басына тас орнатып, ұрпақ парызын атқарды” деп ұлын да, басшыларды да тыйып тастайды.

Қаныш Сәтпаевтың жеделхаты

Осыдан бірнеше жыл бұрын “Білім және еңбек” журналында Қосым Пішенбаевтың кен іздеген (Екібастұздан Балқашқа дейін) картасы басылды. Қосым кен орындарын жердің бедерінен айыра беретін болған. Бишанның баласы М.Нұрбаев ҚАЗМУ-дың журналистика факультетін бітіріп, “Қазақстан пионері” газетінде редактордың орынбасары болып жұмыс істейді. Кейін соғысқа қатысады. Бірде Мәулен үйінен Қ.Сәтпаевтың жеделхатын тауып алады. “Звезда Прииртышье” газетіне жариялаймын деп екі есінен сұрап алады. Осылай, Қ.Сәтпаевтың “Қосым ақсақалдың тапқан кен орындарының болашағы өте зор” деген жеделхаты жоғалып кетеді.

П.Есенбай

Болған оқиғаның мән - жайын түсіндіреді. Сонда атаман “рас, өлген адам қайтып тірілмейді. Сен қудалаудан құтылдың” депті.

Қосымға қой берген бай

Қосымның елді кезіп көп жүретінін жақсы білетін ауыл байлары “ағылшындарға не керектің бәрін Қосым тауып береді, оның білмейтіні жоқ” деп одан сескенеді екен. Ауылының жанынан өтіп бара жатқан Қосымды көрген ауыл байы бірде оның қасына жетіп барады. Сөйтсе, ден басында отырған Қосым бір тасты

Ағылшындар алтыны

Ауыл ақсақалдары “Қосымға ергенше мал бағып, дүние тапқандарың дұрыс. Онымен бірге жүрсендер, кезбе болып кетесіндер” деп жастарды оған жолатпайды екен. 1928 жылы жана өкімет орнағанда, Баянауыл аймағынан ағылшындар кете бастайды. Олар дүние-мүліктерін шанаға артып, қару асынып, өздері жаяу жүреді. Қосымның “ағылшындар өздерімен бірге көп дүние әкеліп жатыр. Соларды алып қалу керек, сонда қыстан аман шығамыз” дегеніне ауыл ақсақалдары мән бермейді. Сөйтіп, ағылшындардың